# Ойыл

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады

uil-gazet@mail.ru

№9 (7746), 28 ақпан, бейсенбі, 2019 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет


## ОНЖЫЛДЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ:
## ҰЛТТЫҢ ЖАҢА ИГІЛІГІ




**Құрметті делегаттар**
**және съезд қонақтары!**
**Қадірлі партияластар!**

Баршаңызды «Нұр Отан» партиясының 20 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! 1999 жылғы 1 наурыз егемен еліміздің жылнамасына партиямыздың негізі қаланған күн ретінде енді. Тарих өлшемімен қарағанда бұл – көп уақыт емес, бірақ біз үшін тұтас дәуірге бара-бар. Ғасырлар тоғысындағы күрделі экономикалық жағдай тез арада дұрыс таңдау жасауымызды талап етті. Тәуелсіздігімізді нығайтып, мықты мемлекет құру үшін бізге батыл әрі маңызды реформалар жасау керек болды. Әйтпесе, өркениет жолына бастайтын әлемдік даму көшінен қалып қоятын едік. Осындай ұлы мақсатты көздеген «Нұр Отан» партиясы халықтың сенімін ақтап, орнықты ілгерілеуімізді қамтамасыз ететін бірден-бір саяси күшке айналды. Сындарлы жылдарда жанымнан табылып, биік белестерді бағындыруға атсалысқан партияластарыма алғысымды білдіремін. Мен бүгін өздеріңізбен бірге атқарған жұмысымызды қорытындылап, болашақ бағдарымыз туралы ой бөліссем деймін. Ең алдымен, қол жеткізген жетістіктерімізді айшықтайтын нақты фактілерге тоқталайын. Еліміздің экономикасы айтарлықтай өсті. Сыртқы сауда айналымының көлемі 9 еседен астам артты. Қазақстанға шетелден 320 миллиард долларға жуық тікелей инвестиция тартылды. Азаматтарымыздың кірісін 16 есе көбейттік. 141 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бүкіл елімізде әлеуметтік маңызы зор жаңа инфрақұрылым нысандары бой көтерді. 1 400 заманауи аурухана, емханалар мен амбулаториялар, 2 865 жаңа мектеп, колледждер мен балабақшалар ашылды. Мұның бәрі – бүкіл халқымыздың ерен еңбегінің нәтижесі. «Нұр Отан» мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға ықпал етіп, сайлаушылардың сенімін ақтап келеді.

*(Жалғасы 2 бетте)*

## ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ САҒЫРОВ ДАСТАН ЖАРЫЛҚАСЫНҰЛЫНЫҢ 1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЫ




**Қадірменді ағайын!**
**Құрметті жерлестер!**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, арнайы жарлыққа қол қойған болатын.

Қазақстан халқы 2016 жылдан бастап Алғыс айту мерекесін кең көлемде атап өтіп келеді.

Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні.

Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі.

Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда елімиздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Елбасы атап өткендей, елдің бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі.

Сондықтан елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда.

Еліміздің барлық өңірлерінде аталып отырған бүгінгі Алғыс айту - қазақстандық дамудың үлгісін бүкіл әлемге тағы бір мәрте айшықтап, ұлтаралық келісім мен достықты одан әрі нығайта түспек.

Қазіргі таңда елімізде 130-ға жуық, ал облысымызда 90-нан астам ұлт өкілдері ынтымақтаса еңбек етіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлестерін қосуда.

Мемлекет басшысы елімиздегі бірлік пен келісімді сақтауда Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметіне үлкен маңыз беріп, сенім артады. Себебі тәуелсіздік жылдарында тарихи тағдыры ортақ түрлі ұлт өкілдері еліміздің іргесін бірге қаласты.

Қазіргі таңда облысымызда «Достық» үйінде орналасқан 19 этномәдени орталық өкілдері татулық пен ұлтаралық келісімді одан әрі нығайту мақсатында мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуына қолдау көрсетіп келеді.

Осы орайда ауданымызда әр ұлт өкілдерінен құралған «Достық», «Замандас» аналар клубтарының мүшелері де жастарға ақыл кеңестерін беріп, қоғамдық-саяси, мәдени шараларға белсене атсалысып келеді.

Тұрақтылық пен тыныштық салтанат құрған еліміздің дәулеті мен сәулеті келісіп, әлеуеті мен қуаты еселеп артуда.

Мұның барлығы елімізді мекендеуші барлық этностардың ынтымағы мен бірлігінің арқасы.

**Қымбатты жерлестер!**

Халқымызда «Дамудың сыры – бірлікте, Табыстың сыры – тірлікте» деген нақыл сөз бар.

Біздің барлығымыздың алдымызда ортақ мұрат – ел болып ұйысып, жұрт болып жарасқан Тәуелсіз Қазақстанның абыройы-мәртебесін арттыру үшін аянбай еңбек ету міндеті тұр.

Бұл міндетті Елбасы саясатын үнемі қолдап, ортақ мақсатқа жұмыла білетін ойылдықтар абыроймен атқаратындығына менің сеніміміз мол.

Сондықтан бүгінгі Алғыс айту күнімен құттықтай отырып, бірлігіміз берекелі, тірлігіміз мерекелі, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Құрметпен,**
**Ойыл ауданының әкімі Д.Сағыров**

## АУЫЛ ХАЛҚЫНА ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ КУӘСІ




Кеше Елордада «Нұр Отан» партиясының кезекті 28-ші съезі өтті. Онда Елбасы жуырда ғана жасақталған Үкіметтің алдына жаң міндеттер қойды.Әсіресе, әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға қолдау шараларын күшейтуді ұсынды. Яғни, партия төрағасы көпбалалы отбасыларға деген көмек барынша сезілуі керектігін жеткізді.

«Бүгінде елімізде шамамен 340 мың отбасыда төрт бала бар. Қазірдің өзінде жыл сайын көпбалалы отбасыларға 500 миллиард теңгеден астам қаржы бөлініп тұрады. Үкіметке әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарды, әсіресе, көпбалалы отбасыларды қолдау шараларын кеңейтуді тапсырамын. Аталған көрсеткішті күнкөріс деңгейінің 70 пайызына дейін жеткізуіміз керек» - деген Президент, атаулы көмек алып отырған көпбалалы отбасылардың әрбір баласына берілетін жәрдемақыны 21 мың теңгеге дейін өсіруді ұсынды.

Елбасының сөзіне сүйенсек, қазіргі кезде атаулы көмекті 111 мың көпбалалы отбасы алады. Ал, көп балалы отбасының дені ауылдық жерде тұратынын және олардың басым бөлігі өзіміздің қандастарымыз екенін дәлелдеп, түсіндірудің қажеті жоқ. Демек, бұл ауыл халқын қолдаудың тағы бір куәсі.

**Сәрсенбай АМАНҒОСОВ,**
**Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.**

## «ҚҰТТЫ МЕКЕН» ЖОБАСЫН ҚОЛДАЙМЫН!




Өткен ғасырдың басында Мағжан ақын «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз!» - деп еді. Ал, Елбасы ұлттың болашағы ауылда екенін әлденеше рет айтып келеді. Партияның бүгінгі съезі барысында

ауылдарды дамытуға 90 млрд теңге бөлінетіні естіп тағы бір марқайып қалдық.

Онда Елбасы, «Біздің ауылдарды өсім нүктелеріне айналдыруымыз керек Әрбір ауылда қандай да бір жұмыс орнын ашу керек. Ол үшін микронесиелер бар. Жұмыс берсек тұрғындар ауылда қалады. Бізде бірінші мамандықты тегін оқыту жүйесі, Жол картасы бар. Мүмкіндіктер мол. Тек нақты жұмыс істеу керек. Баспана мен жол салып, әлеуметтік нысандарды тұрғызып, ШОБ-ты дамыту керек. Ауылда өзінің әлеуеті бар. Өңдеу өнеркәсібін ол үшін дамыту керек. Елімізде үлгілі ауылдар жетерлік», - деді Президент. Осыған байланысты Президент Үкіметке «Ауыл - ел бесігі» арнайы жобасын жүзеге асыру үшін ұсыныстарды әзірлеуі керек. Осы жастарды ауылда ұстап тұруға мүмкіндік береді», - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Әрине, бес саусақтың бірдей еместігіндей, ауылдардың да әлеуеті әртүрлі. Сондықтан да, Елбасы «Құтты мекен» жобасы арқылы болашағы бар ауылдарды іріктеуді тапсырды. Ал, ауылдың болашағы демографиясымен өлшенетінін ескерсек, мен өз замандастарымды туған жерді түлетуге үлес қосуға шақырар едім. Яғни, өз «құтты мекеніміздің» болашағы біздің қолымызда. Ата-бабамыздың кіндік қаны тамған, маңдай терінің табы қалған өлкені ертең бізде ұрпағымызға мирас етеміз!

**Сансызбай НҰРЖАНОВ,**
**«Жігерлі Жас» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі.**

## АУДАН ӘКІМІ АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



Аптаның әр сәрсенбісінде кездесіп, қоғамдағы әртүрлі өзекті мәселелерді өзара талқылайтын аудан ардагерлері кеше де аудандық орталықтандырылған кітапханада әдеттегідей бас қосты. Қоғамдық кеңеске бұл жолы аудан әкімі Дастан Сағыров арнайы қатысып, қариялар қозғаған бірнеше мәселенің мән-жайымен танысты. Әр ақсақалдың айтарын асықпай тыңдап, өз кезегінде мейлінше жауап берді. Айта кетсек, кеңесте негізінен қоғамдық табынға бұқалар қосу, малдың өрісін кеңейту, жолдар мен тазалық сынды мәселелер қозғалды. Сонымен бірге Барқынға бұрғы салу жайы да айтылды.

# ОНЖЫЛДЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ: ҰЛТТЫҢ ЖАҢА ИГІЛІГІ










Уважаемые однопартийцы!

Новое время диктует новые вызовы. Мир вокруг нас все глубже погружается в зону перманентной турбулентности. Но это не повод для отчаяния и страха перед будущим. Любые кризисы сопровождаются катаклизмами, но в то же время расчищают пространство для роста и открывают окна возможностей. Главное, выбрать правильный вектор развития и мобилизовать все общество на достижение поставленных целей. В своем движении вперед мы должны учитывать ключевые тренды современного мира. Сегодня конкуренция государств, сводится к конкуренции конкретных людей. Любые экономические достижения и геополитические победы не имеют большой ценности и значения, если не ведут к росту благосостояния каждого человека. В этом заключается основной секрет процветания и формула устойчивого развития государств в XXI веке. Сегодня Съезд рассматривает программу партии до 2030 года «Общество благополучия: 10 целей десятилетия», разработанную по моему поручению. Она открывает широкие горизонты стратегического видения и определяет основные контуры развития общества и государства в предстоящем десятилетии. Рассчитываю, что вы детально обсудите программу и определите партийную повестку дня. Сегодняшний Съезд дает старт новому этапу в развитии Казахстана. Предстоящие 10 лет – решающий период в нашем продвижении в 30-ку передовых государств. В этой связи партия должна поставить перед собой конкретные цели. Я не буду подробно останавливаться на них, все они обозначены в Программе. Уверен, каждый из нас внесет свой значимый вклад в становление еще более сильного и процветающего Казахстана. В своей деятельности мы должны руководствоваться нашей национальной идеей. Ее базовыми компонентами являются: национальное единство; конкурентоспособная сильная экономика; интеллектуальное процветающее общество; страна, уважаемая в мире. Все это и есть основа успешного развития Казахстана. В свою очередь, Доктрина национального единства опирается на четыре столпа: общая история; общие ценности; общая Родина; общее будущее.

Уважаемые соратники!

За перспективами будущего мы не должны забывать о текущих задачах. Наш главный приоритет – это обеспечение уровня жизни граждан и развитие Казахстана, как социально-ориентированного государства. Даже в самые сложные периоды мы выполняли свои социальные обязательства. Уровень социальных расходов в стране всегда был высокий, и в дальнейшем он будет последовательно расти. В рамках различных программ, проектов и инициатив нами осуществляются масштабные социальные инвестиции. Мы должны не снижать расходы на развитие и помогать нуждающимся. В текущем году на социальную сферу направлено более 45% от всех расходов республиканского бюджета. В то же время у нас обозначились определенные диспропорции и ряд проблемных точек в социальном блоке. В этой связи я принял решение о выделении средств из Национального фонда на повышение качества жизни и благосостояния наших граждан. Правительство должно правильно администрировать расходы, выделяемые на эти цели. Вместе с тем, нужно помнить, что мы живем в условиях больших вызовов и глобальной неопределенности. Накопленные нами резервы могут пригодиться в более сложные времена. Социальная политика должна быть сбалансированной и не провоцировать рост иждивенческих настроений. Главная задача государства – дать людям работу, чтобы они зарабатывали себе на жизнь. Помощь должна предоставляться особо нуждающимся и носить строго адресный характер. Я лично буду контролировать, чтобы все выделяемые средства дошли до каждой семьи и конкретного человека! По моему поручению партия провела анализ проблем, особо волнующих сегодня наших граждан. В их числе – вопросы повышения детских пособий, улучшения положения многодетных семей, обеспечение жильем, модернизация социальной инфраструктуры и другие. Значимым вкладом партии в их решение станет реализация социальной политики по трем направлениям. Это: 1. повышение доходов и поддержка малообеспеченных слоев населения; 2. решение жилищных вопросов граждан с низкими доходами и улучшение сфер образования и здравоохранения; 3. комплексное развитие регионов.

ПЕРВОЕ. Сегодня важно усилить меры по повышению уровня благосостояния казахстанских семей. Они напрямую затронут более 1 миллиона гражданских служащих, занятых в сфере здравоохранения, образования, социальной защиты, культуры, спорта, сельского хозяйства и других. Поручаю с 1 июля 2019 года:
- повысить заработную плату низкооплачиваемым работникам бюджетной сферы до 30 процентов;
- поднять в среднем на 25 процентов низовым работникам исполнительных органов, которые непосредственно работают с гражданами на районном и областном уровнях. На эти цели в 2019-2021 годы дополнительно будет выделено почти 980 миллиардов тенге. Повышенное внимание нужно уделить малообеспеченным категориям граждан и многодетным семьям. Каждая казахстанская семья должна почувствовать результаты проводимых реформ уже сегодня, а не в отдаленном будущем. Особенно считаю необходимым усилить меры поддержки нашим многодетным семьям. Сегодня в стране порядка 340 тысяч семей имеют более 4-х детей. Ежегодно на поддержку семей с детьми выделяется более 500 миллиардов тенге. Эти семьи имеют разный уровень дохода. Поэтому, в первую очередь, государство особую заботу и внимание должно проявить к многодетным семьям с низкими доходами. В настоящее время адресную социальную помощь от государства получают более 111 тысяч семей (571,6 тысяч человек). Поручаю Правительству для расширения охвата малообеспеченных семей, особенно многодетных, повысить критерий оказания адресной помощи до 70 процентов от прожиточного минимума (с 14849 тенге до 20789 тенге, ПМ – 29698 тенге). Для адресной поддержки семей с детьми, имеющих право на получение адресной социальной помощи, установить минимальную выплату на каждого ребенка в многодетных семьях, в сумме 20 789 тенге. Все процедуры назначения социальной помощи должны быть максимально упрощены и переведены в проактивный формат. При исчислении совокупного дохода таких семей нужно исключить из расчета отдельные пособия, такие как госпособия многодетным семьям и многодетным матерям, пособие по инвалидности для детей, стипендии. В результате адресной социальной помощью будет охвачено в 2019 году свыше 830 тысяч человек, в том числе почти 550 тысяч детей. Также поручаю повысить пособие родителям, опекунам и семьям (лицам), воспитывающим детей-инвалидов на 30 процентов. Это затронет более 100 тысяч человек. На реализацию данных мер поручаю дополнительно выделить более 300 миллиардов тенге на 2019-2021 годы. Основным принципом оказания социальной помощи остается социальный контракт и обязательное участие трудоспособных членов семьи в мерах занятости. Также поручаю акимам дойти до каждой семьи и усилить меры нуждающимся в помощи за счет средств местного бюджета с учетом региональных возможностей. Только за прошлый год подобная помощь на местах была оказана на сумму свыше 135 миллиардов тенге. Такую поддержку необходимо оказывать и дальше. Не следует тратиться на второстепенные дела. Логично же, что для неполных многодетных семей нужно создать условия для работы на дому, а для многодетных семей на селе выделить отдельную квоту грантов и микрокредитов. Правительство и акимы должны осуществлять эту деятельность совместно с партией «Нұр Отан» и НПП «Атамекен». Акимам следует пересмотреть региональные программы помощи нуждающимся семьям с учетом партийного проекта «Бақытты отбасы» («Счастливая семья»). Он направлен на системную поддержку института семьи в Казахстане.

ВТОРОЕ. Необходимо активизировать работу по обеспечению жильем и улучшению сфер образования и здравоохранения. Поручаю Правительству построить в рамках программы «Нұрлы жер» более 40 тысяч арендных квартир преимущественно для малообеспеченных семей из числа многодетных. На данные цели в ближайшие семь лет необходимо дополнительно выделять по 50 миллиардов тенге ежегодно. Также следует повышать доступность приобретения жилья для многодетных и неполных семей, семей с детьми с ограниченными возможностями, имеющих низкие доходы. Для этой категории граждан поручаю разработать льготный механизм предоставления жилищных займов под 2-3 процента годовых через систему жилстройсбережений. На эти цели Жилстройсбербанку будет выделяться ежегодно по 50 миллиардов тенге. Реформы в образовании нужно довести до логических результатов. Современные реалии требуют развития у наших детей новых навыков и компетенций. Слагаемые успеха здесь – постоянное повышение квалификации педагогов, передовая материальная база и актуальные программы обучения. Как я уже ранее поручал, в каждом регионе должны работать как минимум 1 продвинутый вуз и 10 современных колледжей. Главный критерий эффективности учебных заведений – это трудоустройство выпускников. Каждый житель нашей страны должен быть не только образованным, но и здоровым. Нужно обеспечить доступ к качественному здравоохранению независимо от места проживания. Отечественной медицине, прежде всего, необходимо ориентироваться на профилактику и стимулирование здорового образа жизни. Расходы на службу общественного здравоохранения и первичную медико-санитарную помощь должны быть увеличены с 40 до 60 процентов от общего объема финансирования здравоохранения. Это – практика всех развитых стран мира. Поручаю дополнительно выделить на развитие сферы здравоохранения порядка 120 миллиардов тенге. В результате повысится качество и доступность оказания стационарной медицинской помощи в 7 регионах с охватом порядка 100 тысяч пациентов в год.

ТРЕТЬЕ. Необходимо начать реализацию региональной политики, направленную на улучшение качества жизни по всей стране. У нас все еще заметны «разрывы» в региональном развитии. Почему в одних областях дороги хорошие, а в других – плохие? Почему где-то ЖКХ функционирует стабильно, а где-то дает сбои? Получается, что есть акимы, которые действительно работают, знают и решают проблемы людей. Но есть и те, которые избегают общения с населением и игнорируют реальные нужды и потребности жителей регионов. Акимам нужно быть ближе к народу и делать все возможное для его блага. У нас есть различные программы, выделены достаточные ресурсы, однако люди не видят конкретных результатов. Такое положение дел не допустимо. Правительство и акимы всех уровней должны реально решать все социальные проблемы в конструктивном ключе, без популизма и погони за показателями. Каждый регион стратегически важен. Мы должны сформировать Новую Карту страны, основанную на обновленных региональных стандартах качества жизни. За последние годы была проведена огромная исторически важная работа по строительству республиканской автотранспортной сети. В целом, мы построили и реконструировали более 12,5 тысяч км автомобильных и 2,5 тысяч км железных дорог, морские порты. Построенные автобаны важны, но еще важнее дорога до дома. Расширение сети современных местных дорог – это ключевая задача Правительства, исполнение которой необходимо контролировать партии. Поручаю дополнительно выделить на эти цели 350 миллиардов тенге. Данные меры к 2025 году помогут улучшить состояние 95 процентов автодорог областного и районного значения. Все объекты региональной транспортной инфраструктуры, в том числе аэропорты, авто и железнодорожные вокзалы должны быть модернизированы. Для решения проблем окраин крупных городов – Астаны, Алматы и Шымкента будет выделено дополнительно 90 миллиардов тенге на 2019-2021 годы. На развитие малых и моногородов будет также ежегодно предоставляться дополнительно по 10 миллиардов тенге в ближайшие три года. Важнейшими приоритетами выступают обеспечение доступа всех жителей страны к чистой питьевой воде и проведение масштабной газификации. На обеспечение водоснабжения и водоотведение поручаю дополнительно выделить 140 миллиардов тенге. Это позволит решить проблемы в этой сфере для более 2,2 миллионов человек. Поручаю также дополнительно выделить около 190 миллиардов тенге на газификацию и электроснабжение. Эти меры позволят охватить газоснабжением 1,1 миллион человек, а также значительно повысить надежность регионального электроснабжения. Поручаю Правительству предусмотреть для этих целей порядка 920 миллиардов тенге на 2019-2021 годы. Учитывая вышесказанное, «Нұр Отан» должен запустить партийный проект «Құтты мекен» с акцентом на развитие инженерной и социальной инфраструктуры страны. У нас также есть возможности для улучшения благосостояния 7,5 миллионов жителей села. В первую очередь, Правительству совместно с акимами и маслихатами необходимо провести отбор сел, имеющих перспективы, и развивать там социальную сферу, создавать интернаты. Мы должны превратить наши села в точки роста и устойчивого развития. Необходимо перенять опыт КНР по развитию на селе бизнеса по производству товаров народного потребления, переработке сельхозпродукции и так далее. Там нужно возводить жилье, строить дороги, коммуникации, социальные объекты, развивать малый и средний бизнес. И сюда будут стремиться люди из неперспективных сельских населенных пунктов. У села есть потенциал зарабатывать и достойно жить. В этой связи поручаю Правительству разработать предложения по реализации специального проекта «Ауыл – Ел бесігі» и обеспечить его финансирование в размере 90 миллиардов тенге на 2019-2021 годы. Это поможет закрепить молодежь на селе. Все указанные выше направления и проекты имеют комплексный характер, связаны с долгосрочными целями партии и уже скоро принесут осязаемую пользу людям. На их реализацию в ближайшие три года из бюджета дополнительно будет выделено более 2 триллионов тенге. Данные средства должны быть изысканы за счет кардинального улучшения таможенного администрирования и оптимизации бюджетных расходов. При этом необходимо исключить финансирование неприоритетных, дорогостоящих мероприятий на местах. Эти меры в ближайшие три года позволят получить в бюджет 1 триллион тенге. Также нужно выделить из Национального фонда дополнительно 1 триллион 350 миллиардов тенге в течение 2019-2021 годов. По моему поручению новая программа партии была разработана на основе изучения ключевых мировых трендов и анализа ситуации во всех регионах Казахстана. В ней обозначены конкретные цели и проекты, которые должны стать фундаментом государственной социальной политики на ближайшие три года и задать перспективу для всего десятилетия. Как вы знаете, у нас произошла смена Правительства, состав которого обновился на 70 процентов. Новому кабинету министров, всем акимам нужно немедленно приступить к реализации озвученных мной поручений. Каждый член Правительства и акимы будут нести персональную ответственность и лично отвечать за результаты работы.

Уважаемые делегаты съезда!

Партия должна активно включиться в решение повседневных вопросов населения. Усилить данную работу призван проект «Халыққа көмек». Сегодня важно оперативно реагировать на актуальные запросы общества, акцентируя на них внимание госорганов. Это самая действенная стратегия. Для этого необходимо сформировать мощную систему обратной связи с населением. Важно усилить работу общественных приемных партии. Фактически, они должны стать «единым окном» помощи для наших граждан по принципу «здесь и сейчас». В этом вопросе не должно быть бюрократических проволочек. Это должно касаться не только государственных льгот, но и адресной помощи, оказываемой волонтерами и предпринимателями-меценатами. Все филиалы «Нұр Отан» должны быть ориентированы, прежде всего, на эту работу. Партия должна представлять интересы всех слоев населения и выступать в качестве ключевого связующего звена между гражданами и государством. Сегодня на первый план выходят вопросы эффективности действующих государственных программ, в том числе и в социальной сфере. В этой связи я поручаю «Нұр Отан» совместно с Администрацией Президента создать Центр оценки эффективности и мониторинга реализации государственных программ и реформ. Нужно на партийной площадке ежеквартально проводить заслушивания ответственных государственных органов о ходе реализации госпрограмм. Отчеты будут докладываться мне. На основе них будем делать соответствующие выводы. В целом, еще раз подчеркну: экономическое развитие должно быть нацелено на рост реального благополучия населения. «Нұр Отан» совместно с палатой предпринимателей «Атамекен» необходимо работать над улучшением принципов государственной поддержки бизнеса. Следует продолжить целенаправленную работу по искоренению коррупции. В фокусе особого внимания должна быть молодежь, ведь за ней будущее! Этот год я объявил Годом молодежи. Партия должна добиваться повышения эффективности государственной молодежной политики. Партия должна стать одним из главных «социальных лифтов» для активных граждан и источником кадров для системы госуправления всех уровней. Новая генерация современных управленцев должна появиться из «Молодежного резерва партии». Все нуротановцы должны быть настоящими патриотами и обладать безупречной репутацией. Авторитет партии у населения создается не только масштабными акциями или мероприятиями в центре. Образ партии в глазах простых казахстанцев формируется ежедневной работой на местах. Первичные партийные организации должны стать ключевым звеном в решении локальных и региональных задач. Нужно работать над содержательностью партийных мероприятий, особенно в регионах. Мы должны вести честный и открытый диалог с народом и делать все возможное для улучшения его благосостояния и качества жизни. Решение столь масштабных задач требует от партии предельной концентрации и ответственного отношения к делу. «Нұр Отан» должен стать главным институтом общественного контроля. Необходимо учесть все озвученные мной сегодня предложения в Программе партии.

Құрметті әріптестер!

«Нұр Отан» – толағай табыстың және болашаққа жол ашатын жарқын жетістіктердің партиясы. Біздің ұзақ мерзімді стратегиямыз, мол табиғи ресурсымыз, саяси ерік-жігеріміз бар. Мемлекеттің қуаттылығы экономиканың даму қарқынымен және тұрғындардың тұрмыс сапасымен өлшенеді. Сондықтан, мен өзіме сенім артқан халқымның болашақта емес, қазір бақытты болғанын көргім келеді. Біздің ұстанымымыз – татулық пен тыныштық, ұранымыз – береке мен бірлік. Тәуелсіз Қазақстанның арқа сүйейтін тірегі – баянды бейбітшілік пен келелі келісім! Бас партия болу дегеніміз – басқару емес, елге адал қызмет ету! Біз – халық бірлігінің партиясымыз. Бүгінгі съезд Қазақстанды дамытудың жаңа кезеңіне жол ашады. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына бауырымыз бүтін, аман-есен, мол табыспен жете берейік! Әрекет ететін кез келді, ағайын!

Алға, «Нұр Отан»! Алға, Қазақстан!

***egemen.kz***

# ЙОД, ТЕМІР ТАПШЫЛЫҒЫ КӨП АУРУДЫ КҮШЕЙТЕДІ

Йод – адам ағзасының қалыпты өсуіне, дамуына қажетті микроэлементтердің бірі. Адам организміне тағам мен судан түсетін йодтың қажетті деңгейде жетіспеуі – йод жетіспеушілігі аурулары мен олардың бұзылуларына әкеп соғады. Йод жетіспеушілік ауруларының ішінде – эндемиялык зоб аса қауіпті ауру. Оның салдарынан көптеген аурулар, атап айтқанда, түйінді құрылымдар мен қатерлі ісіктер дамуы мүмкін. Йод жетіспеушілік ауруларының ең ауыр түрлерінің бірі – балалардың ақылы мен дене дамуының тежелуі, жыныстық дамуының жетілмеуі, әйел адамдардың жүктілік кезінде түсік тастау немесе көзі көрмейтін, ақылы кем бала тууы сияқты жағдайлар жатады. Таулы жерлер мен теңізден алыс орналасқан аумақтар йодқа аса мұқтаж аудандарға жатады.

Йод жетіспеушілік ауруларының алдын алу шаралары:

– йодпен байытылған теңіз тағамдарын – балық, балық майы, теңіз жәндіктері, теңіз орамжапырағы және т.б. теңіз өнімдерін және сүт, жұмыртқа, ет өнімдері, көкөністер – қызылша, салат, шпинат, қызанақ, сәбіз, картоп, орамжапырақ, пияз, бұршақ, сарымсақ, жемістер, жидектер, жаңғақтар – құрма, алма, жүзім, шие, шабдалыны тағамға жиі пайдалану;

-йодталған тұзды және йодпен байытылған тағам өнімдерін пайдалану. Теміртапшылық анемиясы ең кең тараған және әлеуметтік маңызды аурулардың бірі. Теміртапшылық анемиясы - нашар тамақтану мен нашар денсаулықтың индикаторы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, әлемде екі миллиард адам анемияға ұшыраған. Қазақстандағы ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдердің 45 пайызы анемиямен ауырады. Бұл өз кезегінде ана мен бала өлімі көрсеткіштерінің жоғарылауына, физикалық және ақыл-ой дамуының кешеуілдеуіне әсер етеді.

Қазіргі таңда тұрғындар арасында теміржетіспеушілік анемиясының алдын-алу жолдарының бірі витаминді-минералды кешенді қоспалармен байытылған (фортификацияланған) жоғарғы және бірінші сұрыптағы бидай ұнын пайдалану. Себебі ұн тұрғындардың барлық әлеуметтік тобы жаппай тұтынатын тағам екені белгілі.

Фортификация дегеніміз бұл ұн тарту кезінде аз мөлшерде дәрумендер мен минералдарды қосу процесі. Бұл өнімнің сапасы мен қоректілік құндылығын арттыруға мүмкіндік береді. Көпшілік тұтынатын өнімдерді темір мен фолий қышқылымен байыту 90 мыңға жуық адамның өмірін сақтауға, жүйке түтігінің туа біткен кемістігі мен жүрек-қан тамыры ауруларын болдырмауға мүмкіндік береді. Сонымен қоса, сиыр еті, балық, бауыр, бүйрек, өкпе, жұмыртқа, сұлы, қарақұмық жармасы, ірі бұршақ, ақ саңырауқұлақтар, какао, шоколад, көкөніс, бұршақ, алма, бидай, шабдалы, жүзім, май шабақ, қара өрік тағамдарын жиі пайдалану керек.

**С.ТІЛЕУОВ,**
**Ойыл аудандық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы.**

*Ойыл аудандық әділет басқармасында 2019 жылғы 13 ақпанда № 3-11-160 болып тіркелді*

## ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

8 желтоқсан 2019 жыл №259 Ойыл селосы

**Ойыл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылға әлеуметтік қолдау көрсету туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 карашадағы № 72 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9946 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.Ойыл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылға келесідей әлеуметтік қолдау көрсетілсін:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

2. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ойыл аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрайымы,**
**мәслихат хатшысының м.а: А.К.Мамбетова**

*Зарегистрирован в Управления юстиции Уилского района 13 февраля 2019 года за № 3-11-160*

## РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

8 февраля 2019 года № 259 с. Уил

**О предоставлении социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты Уилского района на 2019 год**

В соответствии со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пунктом 8 статьи 18 Закона Республики Казахстан от 8 июля 2005 года «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий», постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 февраля 2009 года № 183 «Об определении размеров предоставления мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты» и приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 6 ноября 2014 года № 72 «Об утверждении Правил предоставления мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты» (зарегистрированное в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 9946), Уилский районный маслихат **РЕШИЛ**:

1. Предоставить специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты Уилского района следующую социальную поддержку на 2019 год:

1) подъемное пособие в сумме, равной семидесятикратному месячному расчетному показателю;

2) социальную поддержку для приобретения или строительства жилья-бюджетный кредит в сумме, не превышающей одну тысячу пятисоткратного размера месячного расчетного показателя.

2. Государственному учреждению «Аппарат маслихата Уилского района» в установленном законодательном порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего решения в Управлении юстиции Уилского района; 2) направление настоящего решения на официальное опубликование в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель сессии,**
**и.о. секретаря районного маслихата: А.К.Мамбетова**

# ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ ҚАЙТА ҚҰРУ

Заңды тұлғаның қайта құрылуы қосу, біріктіру, өзгерту (қайта құру), бөлу, бөліп шығару жағдайларында жүргізіледі. Соның ішінде қосылу, біріктіру және өзгерту кезінде тіркеуші органға:

1) белгіленген үлгідегі өтініш,

2) (жеке кәсіпкерлікті субъектілерін қоспағанда) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі, заңды тұлғаның мөрімен бекітілген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органның қайта ұйымдастыру туралы шешімі немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі;

3) заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелері көрсетілген тапсыру актісі және заңды тұлға уәкілетті органының тапсыру актісін бекіту туралы шешімі;

4) кредиторлардың хабарламаны алған күні көрсетілген және кредитор-заңды тұлғаның мөрімен бекітілген (жеке кәсіпкерлікті субъектілерін қоспағанда) заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы кредиторлардың жазбаша хабардар етілгенін растайтын құжат, немесе алғаны туралы пошталық хабарламасы қоса берілген құжат.

5) қайта ұйымдастырылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат беріледі.

Біріктіру кезінде бір немесе одан көп заңды тұлғалар қызметін тоқтатқанда, бір заңды тұлғаның іріленуі жағдайында қосылған заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері тапсыру актісіне сәйкес, мирасқор заңды тұлғаға ауысады. Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыру кезінде тіркеуші органға табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі ұсынылады.

**С.МАХАНОВА,**
**Ойыл аудандық Әділет басқармасының басшысы, «Қазақстан заңгерлерінің одағы» РҚБ Ақтөбе облыстық филиалының мүшесі.**

# ЗАҢДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2019 жылдың 21 қаңтарында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды және ағымдағы жылдың 3-ші ақпанында күшіне енді. Аталған заңнаманың негізінде судьяға артылатын жүктеме азайып, сапаға мән беріледі.

Нақтылап айтар болсақ, сот орындаушының әрекетіне берілетін он сегіз санкцияның ішінен сотта тек қана күштеп әкеліп және елден тыс шығуға тыйым салу ғана қалады. Борышкердің мүлкіне тыйым салуды санкциялау алып тасталды. Банк шоттарына тыйым салуды санкциялау және банк құпиясын құрайтын ақпаратты талап ету прокуратураның өкілеттігіне берілді. Бұйрық арқылы іс жүргізудің он сегіз талабының тоғызы нотариатқа, оңайлатылған тәртіппен іс жүргізудің он екі категориясының оны бұйрықтық іс жүргізуге берілді. Яғни, Қазақстан Республикасының азаматтық процесстік кодексінің 135-бабы бойынша сот бұйрығы:

1) жеке тұлғалардан кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары бойынша берешекті, өсімпұлдарды, пайыздарды өндіріп алу туралы;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы аударымдарын аудару туралы;

3) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;

4) әке (ана) болудың анықталуына немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігіне байланысты емес кәмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алименттерді өндіріп алу туралы;

5) «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен нотариус куәландырған дауды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;

6) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тараптардың тапсырма шарты бойынша адвокаттың немесе партисипативтік рәсім тәртібімен адвокаттар мен тараптардың қатысуымен жасалған дауларды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;

7) уәкілетті органдар мәлімдеген борышкерді, жауапкерді және (немесе) баланы іздестіру жөніндегі шығыстарды өтеу туралы;

8) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған кәсіпкерлік, инвестициялық қызметке байланысты даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

9) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған сақтандыру даулары және банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

10) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

11) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

12) келісімшарт әскери қызметшінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, әскери қызметті өткеру туралы келісімшартта көзделген біржолғы ақшалай сыйақыны өндіріп алу туралы;

13) оқуды не қызметті өткеруді өз қалауы бойынша тоқтатқан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша шартта көзделген мерзім өткенге дейін жұмыстан босатылған немесе оқудан шығарылған оқу орындарының курсанттарын оқытуға жұмсалған сомаларды өндіріп алу туралы;

14) оқуын тоқтатқан не шет мемлекетте оқу орнын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына қайтып оралмаған немесе грантты қайтару жөніндегі шартта көзделген міндеттемені бұзған адамдардан мемлекеттік гранттарды өндіріп алу туралы;

15) ауылдық жерге жіберілген жас мамандар шарттар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда олардан мемлекеттік гранттарды, көтерме жәрдемақыларды, жәрдемақыларды өндіріп алу туралы;

16) бала асырап алудың күші жойылған жағдайда, жетім баланы және (немесе) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты төленген біржолғы ақшалай төлемді бюджетке қайтару туралы;

17) жалдау төлемдерінің жалдау шартында белгіленген, мемлекеттік орган мәлімдеген мерзімдерде төленбеуіне байланысты оларды өндіріп алу туралы;

18) қылмыстық қудалау органы қысқартқан қылмыстық істер бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы;

19) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған неке-отбасылық қатынастар саласындағы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

20) бұқаралық ақпарат құралында азаматтың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне және заңды тұлғаның іскерлік беделіне кір келтіретін мәліметтерді теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

21) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда дауларды сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған өзге де келісімдерді орындау туралы талаптар бойынша шығарылады.

Осы Кодекстің 145-бабына сай оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен:

1) егер талап қою бағасы заңды тұлғалар үшін – жеті жүз айлық есептік көрсеткіштен, жеке кәсіпкерлер, азаматтар үшін екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ақша сомаларын өндіріп алу туралы талап қою арыздары бойынша;

2) талап қою бағасына қарамастан, талап қоюшы ұсынған, жауапкердің ақшалай міндеттемелерін белгілейтін құжаттарға және (немесе) шарт бойынша берешекті растайтын құжаттарға негізделген талап қою арыздары бойынша істер қарауға жатады.

Сот саласындағы реформалар еліміз тәуелсіздігін алған кезден басталды, көптеген шаруалар атқарылды, әлі де шешімін күтіп жатқан өзекті мәселелер бар. Бұның бәрі сотты басы артық жүктемелерден босатып, тікелей өз міндетімен айналысуға мүмкіндік жасауда.

**Сауле ТАНИМОВА,**
**Ойыл аудандық сотының төрағасы.**

# ҚЫСТЫҢ СОҢЫНДА ДА ҚАУІП КӨП!

Наурыз көктем айы болғанымен біздің өңір үшін қыстың соңы. Бұл кез нағыз алдамшы уақыт. Сондықтан, 112 «Құтқару қызметінен» түскен дауылды-боран туралы ескертпелерг немқұрайлы қарамай, өзіңізді және жаныңыздағы адамдарды қауіпті жағдайда қалдырмас үшін жауапкершілікпен қарауды ескертеміз.

Сонымен қатар егер де Сіз жолда келе жатқанда боран басталса, келесі қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз:

- Жолдан адасып кетпес үшін тоқтағаныңыз жөн және көлігіңізді желдің бағытына қарсы қойуыңыз керек;

- Көлігіңіздің қозғалтқышын қар басып қалмас үшін брезент немесе көрпемен жауып қойыңыз және арасында көліктен шығып, қар аршығаныңыз дұрыс;

- Түтін шығатын тұрбаның ішіне қар толып қалмауын қадағалаңыз;

- Отынды үнемдеп, көлікті анда-санда ғана қыздырғаныңыз жөн;

- Қолда бар материалдардан, жарқын түсті матадан құтқарушыларға белгі беретіндей құрал жасап алыңыз және оны көрінетіндей етіп орнатыңыз.

Балық аулаушыларға кеңес:

- Балық аулау кезінде алдымен өзіңіздің қауіпсіздігіңізді ойлаңыз;

- Мұз үстінен өту кезінде әрдайым тез арада жүктен арылуға дайын болыңыз;

- Мұз үстіндегі балық аулау кезінде үнемі өзіңізбен тақтай, арқан ұзындығы 12-15 метр, немесе үлкен бұтақ алып жүріңіз;

- Өте қажет болған жағдайда қауіпті жерлерде қорғану құралдарының көмегімен сырғанай отырып жылжу қажет.

- Аралдардың жиектеріндегі мұз үстінен абайлап өтіңіз. Балық аулағанда су жағасынан алыс ұзамаңыз.

**Т.БАҚТЫГЕРЕЕВ,**
**Ойыл ауданының ТЖБ бастығы.**

## КОНВЕРТТЕРДІ АШУ ХАТТАМАСЫ

Ойыл ауданы бойынша орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастырудың конкурс комиссиясы 2013 жылғы 13 ақпанында өнім берушілердің конверттерін ашу жүргізді, хаттама №1-1.

Өнім беруші ЖК «Әліп Күлжамал Әлібекқызы»

## РҰҚСАТ БЕРУ ХАТТАМАСЫ

Ойыл ауданы бойынша орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастырудың конкурс комиссиясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығының 33 тармағына сәйкес ЖК «Әліп Күлжамал Әлібекқызы» конкурсқа қатысу туралы рұқсат беру туралы 2019 жылдың 19 ақпандағы №1-2 хаттамасымен шешім қабылдады.

## ҚОРЫТЫНДЫ ХАТТАМАСЫ

Ойыл ауданы бойынша орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастырудың конкурс комиссиясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығының 38 тармағына сәйкес ЖК «Әліп Күлжамал Әлібекқызы» конкурс жеңімпазы болып танылады, 2019 жылдың 25 ақпандағы №1-3 конкурс хаттамасы бойынша.

## ПРОТОКОЛ ВСКРЫТИЯ КОНВЕРТОВ

Конкурсная комиссия по организация питания обучающихся в организациях среднего образования Уилского района произвело вскрытие конвертов потенциальных поставщиков 13 февраля 2019 года протокол №1-1.

Заявку представил один поставщик ИП «Әліп Күлжамал Әлібекқызы»

## ПРОТОКОЛ ДОПУСКА

Конкурсная комиссия по организация питания обучающихся в организациях среднего образования Уилского района принимает решение по допуску согласно пункта 33 Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 598 «Об утверждении Правил организации питания обучающихся в организациях среднего образования, а также приобретения товаров, связанных с обеспечением питания детей, воспитывающихся и обучающихся в дошкольных организациях, организациях образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» ИП «Әліп Күлжамал Әлібекқызы», протокол о допуске к участию в конкурсе №1-2 от 19 февраля 2019 года.

## ПРОТОКОЛ ИТОГОВ

Конкурсная комиссия по организация питания обучающихся в организациях среднего образования Уилского района принимает итоговое решение согласно пункта 38 Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 598 «Об утверждении Правил организации питания обучающихся в организациях среднего образования, а также приобретения товаров, связанных с обеспечением питания детей, воспитывающихся и обучающихся в дошкольных организациях, организациях образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей», признается победителем конкурса ИП «Әліп Күлжамал Әлібекқызы», протокол итогов конкурса №1-3 от 25 февраля 2019 года.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Осы жылдың 6 наурызы күні сағат 12-00-де Қаратал ауылындағы «Нұрәли» мейрамханасында анамыз Сарқыз Сәрсембаеваның бір жылдық садақасы берілетінін хабарлаймыз!

**Ас берушілер балалары.**

# ЕСКЕ АЛУ

**Ойыл селосы**
**Мамбеталин Киікбай**
**(28.02.1959 ж - 26.03.2016 ж)**



Алла салды басымызға сынақты,
Жиі еске алсын деп пе жылатты.
Қайғысы мен қызығы көп өмір-ай
Бірде көтеріп, бірде жығып құлатты.
Әкетайым жан әкем!

Сізге деген Сағынышымыз шексіз. Әкетайымыз бүгін тірі болғанда, 60 жасқа толар еді.Амалымыз қанша, тағдырға қарсы ешкім жоқ. Жағып кеткен шамыңыз ұрпағыңыз барда ешқашан сөнбейді. Қара шаңырағыңыз, ұрпағыңызбен жалғасуда.Сіздің бейнеңіз жыл өткен сайын жүрегімізге сағыныш отын ұялатып, орныңыздың ойсырап қалған жанымызға батады. Артыңызда дұға қылар ұрпағыңыз барда сіздің есіміңіз мәңгі өлмейді, өшпейді.

Жатқан жеріңіз жәннатта, жаныңыз Жұмақта болсын, жан Әкешім!

*Еске алушыңыз: Зайыбы – Күләш, бала-келіндері, қыз-күйеубалалары, немерелері, жиендері.*

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Өiyl

Меншік иесі: Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1739 дана. Тапсырыс №106
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«А-Полиграфия» баспаханасында басылды. Т.Рысқұлов көшесі, 190.**

**Басылу сапасы жөнінде 56-21-54 телефонына хабарласуға болады.**

# КӨРІНБЕЙТІН КӘСІПТІҢ ИЕСІ

Қай-қай салада да еңбегі көзден таса қалатын мамандар бар. Оның ішінде мемлекеттік қызметте жүргендерді кейбіреулер «барып-келіп, жалақы алып жүр» деп ойлайды. Әркімнің өз міндеті бар. Сондай мамандардың бірі – Қыдырғали Жақасов.

Әрине, жауапкершілігі ауыр жүкті қай жерде де сенімді адамға тапсырады. Оның үстіне кәсіби білігімен қатар, жеке басының қасиеттері де ескерілетін сияқты. Яғни, тиянақтылық пен ұқыптылық тән болуы керек. Қыдырғали бұл талаптарға сай. Ойылдағы қарапайым шаруа отбасында өмірге келіп, мектепті бітіріп, әскерден келген соң, ненің де қадірін біліп өскен жігіт сол уақыттағы замандастары сияқты ауылшаруашылығы мамандығын таңдады. 1982 жылы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетіне оқуға түсіп, 1987 жылы аталған институтты «оқымысты агроном» квалификациясы бойынша бітірді. Жасынан сөзге сараң жігіт алдымен Шығанақ Берсиев атындағы совхоздың аға агрономы болды. Екі жыл шаруашылықтың қазанында қайнап, ысылған маманды 1990 жылы Ойыл кәсіптік техникалық училищесі аға агроном қызметіне шақырды. Әуелден ұстаған дүниесіне ұқыппен қарайтын жігітті аудан басшылығы жаңадан ашылған Ойыл аудандық архивінің директоры қызметіне тағайындады. Жаңадан ашылған саланың «жүгін жинап, кемтігін бүтіндеп» бола бергенде, Қыдырғалиды аудандық жер қатынастары комитетіне бас маман болып ауыстырады. Бұл жерде бес жылға таяу төселген маман 1997 жылы аудан әкімі аппаратына бас маман болып барды. Қай кезде де уақытпен санаспайтын, көзге көрінбейтін жұмысты көлеңкеде қалдырмай атқаратын ол 2005 жылы қызмет бойынша жоғарылатылып, бүгінгі күні аудан әкімі аппаратының бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы.

Ауданның дамуына қажетті құжаттарды сапалы, сауатты, заң талаптарына сай дайындайтын оның көрінбейтін қызметі басшылық назарынан да тыс қалған жоқ. Мемлекеттік қызметтегі жоғары кәсіби еңбегі үшін 2011 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Құрмет грамотасымен, 2014 жылы облыс әкімінің алғыс



хатымен, 2015 жылы «Қазақстан Республикасы Конституциясына 20 жыл» , 2016 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл»мерекелік медалдарымен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің Алғыс хатымен марапатталса, өткен жылы «Ойыл ауданының жыл адамы» атағы берілді.

**С.ХАМЗИН,**
**Ойыл селосы.**

# МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР



Мемлекеттік рәміздер — біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші кейпін білдіреді. Мемлекеттік рәміздер - Ту, Елтаңба және Әнұран тәуелсіз мемлекет егемендігі мен бостандықтарының көрінісі болып табылады. Тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңде төл рәміздеріміз де дүниеге келді. 1992 жылдың 4 маусымында Елбасы Н.Назарбаевтың қол қоюымен тұңғыш рет еліміздің Туы, Елтаңбасы бекітілді. 1992 жылдың 11 желтоқсанында Мемлекеттік Әнұран қабылданды. Арнайы Жарлыққа сәйкес, 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер күнін атап өтетін болдық.

Мемлекеттік рәміздер – еліміздің тәуелсіздігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз белгілерінің бірі болып саналады.

Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздіктің нышаны ретінде ерекше қадірленіп, оларға әрқашанда биік мәртебе берілуде, сондықтан да мемлекеттік рәміздерді қастерлеу бәріміздің парызымыз. Олардың түр-түсі мен ресми қолданылу тәртібі конституциялық заңда белгіленген, бұл Мемлекеттік Рәміздерге биік мәртебе береді және заңмен қорғалады. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу азаматтардың мемлекет тәуелсіздігін құрметтеуді нығайтып, жасөспірімдердің отансүйгіштік сезімін қалыптастыруда үлкен орны бар. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 1-бабына өзгеріс енгізіліп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында бейнеленген «ҚАЗАҚСТАН» жазуы латын графикасындағы «QAZAQSTAN» жазуына ауыстырылды. Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Техникалық реттеу және метрология саласындағы Ғылыми-техникалық комиссиясы отырысының 2018 жылғы 12 қыркүйектегі хаттамалық шешімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы.Техникалық талаптар» ұлттық стандартына №1 өзгеріс 2018 жылғы 1 қарашадан бастап күшіне енді, осылайша, Мемлекеттік Елтаңбасындағы «ҚАЗАҚСТАН» сөзі латын графикасында «QAZAQSTAN» болып стандарттың барлық мәтіні бойынша енгізілді. Аталғандардың негізінде, орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда орналастырылған Мемлекеттік Елтаңбаларды «QAZAQSTAN» деген жазуы бар Елтаңбаларға жоспарлы түрде ауыстыру үшін дайындалған және орналыстырылған Елтаңбаларға 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін өтпелі кезеңді белгілеу бөлігінде «Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы» ведомстволық бұйрыққа тиісті түзетулер енгізілді.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу — әрбір азаматтың борышы. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы, оның өлшемдеріне қарамастан ұлттық стандарттарға сәйкес келуі қажеттілігін ұмытпайық. Рәміздер — мемлекетіміздің негіздерінің бірі. Әрбір Қазақстан азаматы Мемлекеттік рәміздерді аялауға, жанашырлықпен қарауға, құрметтеуге, сонымен қатар жұмыс орнында дұрыс қолдану мен насихаттауға жүктелген жауапкершілікті түсінуі тиіс. Мемлекеттік Тудың түсі өңіп кетпеуін, бүлінбеуін, биікте желбіреп тұруын қадағалап, бақылау жұмыстарын жүргізуі қажет. Ұлттық рухымызды асқақтататын қазақ елінің рәміздерін әрқашан биік ұстайық!

**А.ӘЛНИЯЗОВ,**
**Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы.**

## ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛДЫҚТАР ЖӘНЕ АУДАН ҚОНАҚТАРЫ! СІЗДЕРДІ «8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ» МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДА ӨТЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

| № | Іс-шараның атауы | Өтетін мерзімі | Өтетін орны |
|---|---|---|---|
| 1. | «Анама ән арнаймын!» атты аналарға арналған шығармашылық интернет-акциясы | 27 ақпан-7 наурыз аралығы | Әлеуметтік желілер |
| 2. | 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында «Нұр Отан» партиясына мүше әйел азаматтарға мерекелік құттық-тау | 4-7 наурыз аралығы | «Нұр Отан» партиясы Ойыл аудандық филиалы |
| 3. | Мерекеге орай 2006-2007 ж.т. қыздар арасында аудандық ашық біріншілігі | 1 наурыз сағат 10.00-18.00 аралығы | Ойыл БЖСМ |
| 4. | «Үздік шаштараз» атты байқауы | 4 наурыз сағат 20.00 | Аудандық мәдениет үйі |
| 5. | 8 наурыз мерекесіне орай «Көктем аруы - 2019» қыздар арасында байқауы | 5 наурыз сағат: 20.00 | Аудандық мәдениет үйі |
| 6. | «Замандас» атты әр саланың әйел қызметкерлерімен мере-келік шара | 6 наурыз сағат: 11.00 | Аудандық орталық кітапхана |
| 7. | «Ана деген тіршіліктің тірегі» атты кәсіпкер әйел азаматшалар-дың қатысуымен мәдени шара | 6 наурыз сағат: 11.00 | Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейі |
| 8. | 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Әйел-Ана, әйел-ару, әйел-гүл» атты жастардың қатысуымен гүл тарту ету акциясы | 6 наурыз сағат: 15.00 | Аудан орталығының орталық көшелері |
| 9. | 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай қыз-келіншектер арасында волейболдан аудандық турнир | 6 наурыз сағат 10.00-18.00 аралығы | Ойыл БЖСМ |
| 10. | «Әйел-ана, әйел-гүл» атты көгілдір от думан кеші | 6 наурыз сағат: 20.00 | Аудандық мәдениет үйі |
| 11. | 8 наурыз мерекесіне орай «Ана – мейірім бұлағы» атты ер-теңгілік | 7 наурыз сағат: 10.00 | Аудандық балалар кітапханасы |
| 12. | 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай тыл еңбеккерлері, батыр аналар мен «Алтын алқа» иегерлеріне және аз қамтылған көп балалы аналарға арналған «Сыйынар ем ана деген тәңірге!» атты салтанатты мерекелік шара | 7 наурыз сағат 15.00 | Аудандық мәдениет үйі |
| 13. | «Ана жүрегі», «Анамды іздеймін», «Анаға апарар жол» т.б. отандық кино көрсетілімдер, балаларға арналған мутьфильмдер көрсетілімі және жастарға арналған ойын сауық диско кештері | 8-9 наурыз | Аудандық мәдениет үйі |
| 14. | Ауданның әлеуметтік көмекке мұқтаж еңбек ардагерлері мен жалғыз басты зейнеткерлерге арналған аудан жастарының «Ардагерлерді ардақтайық» атты қамқорлық акциясы | 8-9 наурыз сағат: 9.00-18.00 | Аудан орталығы мен ауылдық округтер |
| 15. | Мереке күні шаруа қожалықтар мен кәсіпкерлерді тарта отырып, халыққа қолжетімдік бағамен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін және мерекелік концерттік бағдарлама | 9 желтоқсан сағат: 9.00-13.00 | Көкжар жәрмеңкесінің сауда қатарлары |

## “КЕРІ БАЙЛАНЫС – МАҚСАТҚА ЖЕТЕЛЕЙТІН НАҚТЫ ӘРЕКЕТ”

Жуырда желілік қоғамдастықтың жоспарына сай Теректі негізгі мектебінде осындай тақырыпта семинар болып өтті. Семинарға аудандық білім бөлімінің әдіскері Ырысгүл Әбдібаева мен желілік қоғамдастықтың мүшелігіндегі 7 мектептен 2 мұғаліммен келіп қатынасты. Семинардың алдын ала өтілу жоспары құрылып, соған сай мұғалімдер өз сабақтарын көрсетті. Сабақта жаңартылған білім беру бағдарламасының тиімді әдіс-тәсілдері көрсетілді. Сабақтардың барлығында семинар тақырыбына сай кері байланыс жасау жолдарының түрлері айтылды. Семинардың соңында *«Тиімді кері байланыс ұйымдастырудың техникалары»* тақырыбында коучинг болды. Семинар барысында мұғалімдер біршама іс-тәжірибе алмасты. Семинар соңында әр мұғалім өзіндік пікірлерін білдірді.

**Марина РАБАЕВА,**
**Теректі негізгі мектебінің оқу ісі жөніндегі орынбасары.**

## ӨШПЕЙТҰҒЫН ІЗ ҚАЛДЫРҒАН...

Өз халқының күйініші мен сүйінішін жырына арқау еткен ақын есімі мен жырлары бүгінгі ұрпақтың да аузынан түскен емес. 8-ақпан күні Қараой модельді ауылдық кітапханасы мен ауылдық клубы қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген ақиық ақын, аудармашы Мұқағали Мақатаев шығармашылығына арналған әдеби-сазды кеш ұйымдастырды. Шара барысында ақынның өмірбаяны таныстырылып, кітапхана жанынан құрылған «Айгөлек» қызығушылық клубы өлеңдерін оқыса, сөзіне жазылған әндерін ауылдық клуб жанынан құрылған «Тағылым» аналар клубы қалың көрерменге әдемілеп жеткізіп берді. Презентация арқылы фотосуреттері, кітаптары көрсетіліп таныстырылды. Ақынның өз даусымен оқылған өлеңдері видеоролик арқылы тыңдалды. Көрермендерге тақырып аясында сұрақтар қойылып, жауап бергендеріне сыйлықтар табыс етілді. Кішкентай бүлдіршіндер де өз үлестерін қосып атамызға арнау шығарып, өлеңдерін жатқа айтып берді.

**Қарлығаш СҮЙЕУҒАЛИЕВА,**
**Қараой модельді ауылдық кітапханасының кітапханашысы.**

## Ұлы даланың жеті қыры...

Қазанат қой қазақтың бар құмары,
Аққан жұлдыз сықылды арғымағы.
Ашылғандай аспанның
тап мұнары,
Көрінеді қылтиып ат құлағы.
Желігенде жұртымның жеті қырын,
Шабыт дейтін
шабандоз шапқылады.
Санамызды кеткендей суық қарып,
Жығылуға жүйріктен жуық қалдық.
Рухани жаңғырып, жыр-ән қылып
Сөйле тілім, сөйлей түс, рухтанып.
Ат спортын бұл күнде жат ұрлады,
Қазақ тыныш қалайша жатыр бәрі.
Сәйгүлігі қазақтың сүрінбесе
Көтереді көрде тұр сатыңды әлі.
Құлагер боп қарғиын, аяңдайын,
Маңмаңгердей мен енді аянбайын.
Ат үстінде күн кешкен алашымды,
Алты құрлық естісін баяндайын.
Қазақ аты қалмаса бөгелектеп,
Отыра алмас тұлпарын өрелеп тек.
Һаққа мәлім қашанда қазақ жанын,
Ат жалынан қалайша бөлек етпек.
Атқа мінсе бұл қазақ самғап ұшпақ,
Шу асауын жаратқан
таңдап ұстап.
Ат үстінде апыр-ай күресуге,
Әлимсақтан арналған аударыспақ.
Дүбіріне бөлетіп кең даланы,
Ер жүрек қып есейткен ер баланы.
Бұл қазақ атқа мінсе білемісің
Тегіс жерден о ғажап теңге алады.
Көк серкені көмбеге көп салдырып,
Бұл қазақ келеді әлі көкпар іліп.
Жал-құйрығы жетілген жануарын,
Талай ақын толғана, төкті
ән қылып.
Болмасын деп басқаның
бізде дауы,
Жүз ерттеп жүйрігін жүз туарды.
Атқа мінсе бұл қазақ білемісің,
Қыр басында қызықтап қыз қуады.
Қазанат қой қазақтың бар құмары,
Аққан жұлдыз сықылды арғымағы.
Арсы-күрсі алысып ауыздықпен
Қаншама рет қапыда қарғымады.
Жорытқанның жолында
көп ырысы,
Ұлығанмен тойдырмас бөріні іші.
Жүйрік мініп желіген алашымның,
Аламанда алшаңдау көрінісі.
Жаратқандай жүйрікті
бәйге алаңы,
Алып қашып барады тай баланы.
Тартынар ма тұлпарың
топқа түссе,
Қайна бойда, қазақтың қайна қаны.
Айда бала атыңды, айда қәні,
Қазақ деген шулатып қайманаы.
Аламан мен тай жарыс,
тоқ бәйгеде
Атқа қонған апталдар, жайдақ әні.
Тамашалап тұрғанда тоқ бәйгені,
Торы төбел, тайбурыл
тоқтай көрме.
Анау жақта жиренім жібер десе,
Атбегі шал қалт етер, оттай берме!
Тарпып тұрса тағатсыз
тай табаны,
Оза шап деп шат көңіл жай табады.
Ақ түйеден айрылып аламанда
Түсіп кеткен бәстескен бай қабағы.
Дүбіріне доданың далам қозған,
Саған да озған керек қой,
маған да озған.
Жүйрігіңді жақсылап жаратып ал,
Кінә жоқ деп қорғайды
шабандоздан.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**

## ШАҒЫН АЛАҢДА ШЫҢДАЛЫП...

**ӨТКЕН АПТАНЫҢ БЕЙСЕНБІ ЖЕКСЕНБІ КҮНДЕРІ АРАЛЫҒЫНДА ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ 2007 - 2008 ЖЫЛДАРЫ ТУҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА АҚТӨБЕ ФУТБОЛ КЛУБЫ ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ АШЫҚ ТУРНИРІ ӨТТІ. АЙТУЛЫ ТУРНИРГЕ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ, ОЙЫЛ, ТЕМІР, БАЙҒАНИН, МҰҒАЛЖАР, ЕМБІ ҚАЛАСЫ, ҚАНДЫАҒАШ ҚАЛАСЫ, ӘЙТЕКЕ БИ, АЛҒА, ҚОБДА АУДАНЫНЫҢ БАЛҒЫНДАРЫ ҚАТЫСТЫ.**



Төрт күнге созылған турнирде барлық балғындарымыз қарқынды ойын көрсетті. Спорт мектебінің шағын алаңындағы тартысты ойын жанкүйерлер шуымен қызды. Әр ауданның намысын қорғауға келген балғындар теңбіл допты текке тебуге емес, жеңіске жетуге ұмтылды. Футболдың ойылдық жанкүйерлері нағыз мықты командаға қолдау көрсетті. Шағын алаңда шыңдалған қара домалақтар бірі-бірінен қалыс қалмауға тырысты. Алайда ойын болғасын сәтсіздіктер болатыны белгілі. Сондықтан шебер ойын көрсеткендер оза шауып, дайындығы төмен командалар қарсыластарынан қас қағым сәттен-ақ жол беріп жатты. Нәтижесінде Қандығаш командасы III орынды қанжығаласа, Темір командасы екінші орынды еншіледі. Ал, ойынның басынан басым ойын көрсеткен Ембі командасы Ақтөбе футбол клубы филиалдарының ашық турнирінде жеңімпаз атанды.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**

## 1 НАУРЫЗ - БҮКІЛӘЛЕМДІК АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КҮНІ

Қалың қазақ жұрты бұл күні қос бірдей мерекені қарсы алады. Бірі – Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күні болса, екіншісі - жер-дүниені дүр сілкіндіріп, қуаныш сыйлай келген «Жаңа күн», яғни көктемнің алғашқы айының алғашқы күні.

Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күні 1991 жылы ХАҚҰ Бас Ассамблеясының шешімімен бекітілді және жыл сайын 1 наурызда аталып өтеді. Жыл сайын Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күні нақты ұранмен аталып өтіледі. Оның биылғы жылғы таңдалған тақырыбы: «Азаматтық қорғаныс: Төтенше жағдайлар және Азаматтық қорғаныс туралы әрбір адам нені білуі тиіс». Бұл дата 46 жыл бұрын, халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы құрылған күні күнтізбеге енгізілген. Оған 50-ге тарта ел кіреді. Қазақстан 1996 жылы ұйымға мүше болды. Бүкіләлемдік азаматтық қорғау күнін мерекелеу екі басты мақсатты көздейді:

- азаматтық қорғау маңызына әлемдік қоғамдастықтың назарын аудару және зілзалалар немесе апаттар болған жағдайда халықтың өзін-өзі қорғауға дайындығын арттыру;
- азаматтық қорғау саласының ұлттық қызметтерінің ерен еңбегін бағалау;

Елімізде бұл күнді алғаш рет 1998 жылы атап өтті. ХАҚҰ-ға кіргеннен кейін, дәстүрлі мерекеге айналды. Бұл күндері Бүкіләлемдік Азаматтық қорғаныс күнінің шеңберінде аудандық Төтенше жағдайлар бөлімімен №14 Өрт сөндіру бөлімі «Ашық есік күндерін», оқу орындарында интерактивті сабақтар, жарыстар, викториналар, дәрістер мен сұхбаттар өткізуді жоспарлауда. Сонымен қатар әр айдың екінші сисенбісінде аудан орталығында С-40 сиренасының қосылуымен аудан тұрғындарын құлақтандыру жаттығуы өткізіліп тұрады.

Өзге жанды құтқару үшін өз өміріңді тәуекелге тігу оңай емес. Құтқарушының әрбір жұмыс күні ерлікке пара-пар. Дегенмен, бұл жерде көзсіз батылдықтан гөрі кәсіби біліктілік қажет. Ендеше, көктемнің алғашқы күнімен қатар келген мереке құтты болсын! Елім дейтін айбынды азаматтарымыз қашанда аман болсын!

Бұл шаралардың басты мақсаты — азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттау, апатқа ұшыраған адамдардың өмірін құтқару және денсаулығын сақтау. Адам өмірі – басты құндылық екенін естен шығармайық!

**Т.БАҚТЫГЕРЕЕВ,**
**Ойыл ауданының ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау майоры.**

## АҚПАН НЕЛІКТЕН 28 КҮН БОЛЫП ҚАЛҒАН?



Ақпан айы ағылшын тілінде «февруай» делінеді. Бұл латын тіліндегі «февруайус» сөзінен өзгеріп қалыптасқан атау. Ал «февруайус» сөзінің арғы тегі ежелгі Римнің мерекесі - :фербрумнан дейді. Екінші ай әр тілде қалай аталсын, біздің қазақ «Ақпан» деп атаудан жалыққан емес.

Алайда, күнделікті қолданып жүрген күнтізбе 31 күндік ай үлкен, 30 күндік ай кіші ай делінеді. Бірақ ақпан 28 күн, ал високос ғана 29 күн болады. Мұның сыры неде? Жаңа эрадан 40 жыл ілгері Рим патшасы Юлий Цезар өзінің уәзірлері және кеңесшілерімен бірлікте қазіргі күнтізбені жасап шыққан. Ол алғашында бір жылды 12 айға бөліп, тақ айларды 31 күннен, жұп айларды 30 күннен белгілейді. Бірақ осы есеппен есептегенде бір жыл 366 күн болып кетеді де, бір жылдан бір күн асып қалады, асқан бір күнді бір жылдан шығарып тастауға тура келеді. Асқан күнді қайсы айдан шығарып тастау керек деген сұрақ олардың басын әбден қатырады. Ақыры соңында мынадай шешімге келеді. Сол кезде Рим елінің салты бойынша өлім жазасына үкім етілген қылмыскерлер көбінесе ақпанда жазаланатын болғандықтан, Рим халқы бұл айды сәтсіз «ауыр ай» деп есептейтін. Олар осы ауыр айдың қысқарақ болуын басты назарға алып, бір күнді ақпаннан шығарып тастауды бекітеді. Сонымен ақпан 29 күн болады. Кейін келе Огусте деген адам Юлий Цезардың орнына патша болады. Ол Юлийдің туған күні 31 күндік шілде айы, өзінің туған күні 30 күндік тамыз айы екенін сезеді. Ол өз дәрежесін алдыңғы патшадан кем еместігін халқына білдіру үшін, өзі туылған тамызды 31 күндік үлкен айға өзгертпек болады да, кейінгі жарым жылдағы айлардың барлығын өзгертуді бұйрық етеді. Осы бұйрық бойынша қыркүйек, қараша айларын кіші айға, қазан, желтоқсан айларын үлкен айға өзгертеді. Осындай өзгерістен кейін, бір жылдан тағы бір күн асып қалады.

Бұл күнді қайту керек? Соңында бұл күнді тағы да сәтсіз «ауыр ай» ақпаннан шығарып тастауды белгілейді. Сонымен ақпан 28 күн болып қала береді. 2000 жыл бойы жер бетіндегі барлық адам міне, осындай орынсыз белгіленген күнтізбені қолданып келеді. P.S. Бір деректерде ақпаннан бір күн алынып, Юлий Цезардың құрметіне шілдеге қосылған. Одан кейін император болған Октавиан Августың құрметіне февралдан тағы бір күн алынып, тамызға қосылған.

***Интернет иірімдерінен.***